

Көне шаһар



М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің гимаратында қаланың әткені мен бүгін сараланып, аға буын өкілдері студенттерге тарихты қадірлеуге және туған қаламыз – Шымкенттің дамуы мен гүлденүіне зор үлес қосуға шақырды. Кездесуді Шымкент қаласы әкімдігі ішкі сая-

сат бөлімінің «Шымкент жастары» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры А.Үбелътаев жүргізіп отырды.

XV ғасырда ұлан байтақ даламызыда Керей мен Жәнібек туын тігіп, негізін қалған Қазақ хандығына биыл 550 жыл толуына орай арнайы да-

Жастар қала тарихына қанықты

Қала күні мерекесіне орай «Ғасырлар тоғысындағы қала» тақырыбында әткен «дөңгелек үстелде» ғалымдар мен зиялы қауым өкілдері шымкенттік жастармен кездесті.

йындалған бейнеролик көрсетілді. Мұнан соң, М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің ректоры Ж.Мірхалықов, Шымкент университетінің тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Д.Тапалов, Қазақстан инженерлік-педагогикалық халықтар достығы университеті тарих ғылымдарының кандидаты, доцент К.Анарбаев, халықаралық гуманитарлық-техникалық уни-

верситетінің жастар ісі жөніндегі тәрағасы А.Рахимов, Қазақстанның Құрметті журналисті Б.Қонысбек және Абай аудандық ардагерлер көңесінің тәрағасы Ұ.Башенов сез сәйледі.

Ғалымдар Шымкент қаласының пайда болу тарихына және оның атауына байланысты баяндамаларын оқып, ғылыми деректер мен дәлелдер көлтірді. Сонымен қатар, бірқа-

тар зерттеулерге сүйене отырып, қаламыздың 2200 жылдық тарихы бар шаһар екенін айтЫП әтті. Айта кетейік, Шымкенттің жасына байланысты әткен жылы қазақстандық және шетелдік ғалымдар таралынан резолюцияға қол қойылып, ЮНЕСКО халықаралық ұйымына жолданған болатын.

Э. АЙНАБЕКҚЫЗЫ